№4(164), 2022
(Сәуір-Апрель)

# МЕКТЕПТЕГІ ПСИХОЛОГИЯ
# ПСИХОЛОГИЯ В ШКОЛЕ

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап
қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках
*2011 жылдан бастап ай сайын шығады – С 2011 года выходит ежемесячно*

**(Республикалық ғылыми-теориялық және қолданбалы журнал – Республиканский научно-теоретический и прикладной журнал)**

## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

**Ұ. ТӨЛЕШОВА, Ф. САҒЫНБАЕВА, Е. ЖАҚАН, Р. МЕЙРАШЕВА**

Жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысы .........3

**К. АТЕМОВА, Л. САНКИБАЕВА**

Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық мәдениетін қалыптастыру ......................................................................................8

**Ұ. ТӨЛЕШОВА, Ұ. ТАҢСЫҚ, Н. ОРЫНБЕК, Д. ЖҰМАБЕК**

Жоғары сынып оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жолдары ....................................................................12

**П. АБДУЛЛАЕВА, Н. АКБАЕВА, Д. БЕРЕКЕТОВА, Ж. БИСЕКЕН, Қ. ЖАНҚУАТ, Т. ХУСАИНОВА**

Цифрлық ұрпақ теориялары............................................................15

**Н. АМАНГЕЛДІ**

Оқушылардың азаматтық құндылықтарын қалыптастыру ...........21

**Л. АБУЛОВА, А. КУТУБАЕВА, Г. БАБУЛОВА**

Оказание психологической помощи воспитанникам домов юношества посредством нравственного воспитания.....................24

**Э. МАСАЛИМОВА**

Профилактика жестокого обращения с несовершеннолетними....28

**Г. ҚЫПШАҚБАЕВА**

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін анықтаудың тиімді әдістемелері....................................................32

**Г. СУЛЕЙМЕНОВА**

Тренинг не үшін қажет? ..................................................................35

**Б. КАЛМУРЗИНА**

Бала тәрбиесіне байыппен қарайық.................................................37

**Ғ. ДУСАЕВА**

Мектепішілік тұрмысы төмен балаларға қолдау көрсету ..............38

**Г. БАЙЖИЕНОВА**

Әке – отбасының рухани түп қазығы..............................................41

**Г. ТОЛЕНОВА**

Моя профессиональная позиция.....................................................45

**А. ОРЫНБАСАРОВА**

Психология – болашақтың мамандығы .........................................46

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**
**«Педагог LTD» ЖШС**

Бас редактор –
**Ақнұр ОЛЖАЕВА**
Ғылыми редактор –
**Маржан АХМЕТОВА**

20. 05. 2010 ж.
ҚР Байланыс
және ақпарат
министрлігінде
қайта тіркеліп, №10964-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75487

Басуға қол қойылды
21. 04. 2022 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 320.

**Редакцияның**
**мекен-жайы:**
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс:
8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
**pedagog-ltd@mail. ru**

Журнал <<Print
House GERONA>>
типографиясында
басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев
көшесі 30А/3, 124.

Көркемдеуші және
беттеуші:
**Нұрзат Раймқұлова**

## Редакциялық алқа:
## Редакционная коллегия:

**А. Ахметова** – редакция алқасының төрағасы, психол. ғ. д., проф. (Алматы, «Қайнар» Академиясы)

**О. Саңғылбаев** – психол. ғ. д., проф. (Алматы, ҚазҰПУ)

**М. Перленбетов** – психол. ғ. д., проф. (Алматы, «Қайнар» Академиясы)

**Б.Р. Кадыров** - д.пс.н., профессор (Узбекистан, Ташкентский филиал МГУ им. М.В. Ломоносова)

**М. П. Кабакова** – канд. психол. н., доцент (Алматы, КазНУ)

**Ш. Сатиева** – психол. ғ. к., проф. (Семей, «Семей ун-т»)

**Ә. Көкебаева** – психол. ғ. д., проф. (Көкшетау, «Көкшетау ун-т»)

**Б. Елеусінов** – проф. (Қызылорда, «Өрлеу БАҰО» АҚ)

**Б. Бейсекеева** – педагог-психолог (Павлодар обл.)

Главный редактор –
**Акнур ОЛЖАЕВА**
Научный редактор –
**Маржан АХМЕТОВА**

Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК. Свидетельство №10964-Ж от 20. 05. 2010 г. Астана.
Подписной индекс: 75487

Подписано в печать 21. 04. 2022 г.
Печать офсетная.
Заказ 320.

**Учредитель:**
ТОО «Педагог LTD»
**Адрес:** 050036, г. Алматы,
Мкр. Мамыр-2, 13-7.
Тел. /факс: 8 (727) 255-72-94;
сот. т.: 8 777 1949458, 8 777 3033767
**Эл. почта: pedagog-ltd@mail. ru**

Дизайнер-верстальщик
Нурзат Раймкулова

Журнал напечатан в типографии
<<Print House GERONA>>
г. Алматы, ул. Сатпаева, 30А/3,
124-офис.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Журналға шыққан материалдардың стильдік қателеліктеріне редакция жауап бермейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word бағдарламасында сақтап жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз. Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

## ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

# Жоғары сынып оқушыларына кәсіби бағдар беру жұмысы

**Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА,**
**Ф. САҒЫНБАЕВА,**
**Е. ЖАҚАН,**
**Р. МЕЙРАШЕВА**

***Кәсіп, мамандық*** – арнайы дайындықты қажет ететін еңбек іс-әрекеті. ***Кәсіп –*** арнайы дайындықты қажет ететін еңбек іс-әрекеті. ***Мамандық*** – жеке тұлғаның шұғылданатын негізгі еңбек түрі мен қызметін айтады. Кәсіби бағдар ұғымы *«іс-әрекет», «мамандық», «бағыт»* деген ұғымдармен сәйкес келеді. Кәсіби бағдарда дәстүрлі түрде төмендегі бағыттар белгіленіп көрсетіледі: кәсіби ақпарат беру, кәсіби үгіт-насихат, кәсіби ағартушылық, кәсіби диагностика (оның ішіне даму бағыттарын ұзақ уақыт бойы бақылау, кәсіби іріктеу және кәсіби жинау кіреді) және кәсіби кеңес беру. «Кәсіби бағдар беру» - өте кең ұғым, мысалыға айтар болсақ, заманауи батыс қоғамы негізінде кәсіби бағдарланған деп айтуға болады, себебі олар баланы кішкентай кезінен «өмірлік табысқа», «табысты мансапқа» бағдарлап, тәрбиелейді. Педагогика мен психология шеңберінен де тыс қамтылатын «кәсіби бағдар беру» кәсіпті, мамандықты таңдауға көмектесудің үлкен кешенін қарастырады, оның ішіне кәсіби өзін-өзі анықтауда жеке кәсіби бағдарланған кәсіби кеңес беру кіреді.

Оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмысын еңбекке дайындау, еңбекке баулу мақсатымен байланыстыру керек. *Мектеп реформасында еңбекке дайындау мақсаты келесідей анықталады:* мектеп оқушыларын қоғамдық жұмысқа дайындыққа баулу, еңбек сүйгіштікті, ұжымдықты, тәртіптілікті, қоғам алдында парызын бала бойына сіңіру, жақсы білім алу деп қарастырылады. Ж. Аймауытов «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез-келгеніне икемділік қажет. Бұл жай кенелту тамақ асыраудың жолы емес, үлкен өнерді зор шеберлікті қажет ететін нәрсе», -дейді.

Кәсіби бағыттылық – адамның таңдалынған мамандыққа көзқарасын сипаттайтын, кәсіби іс-әрекетке дайындығы мен оның табыстылығына әсер ететін жеке адамның интегралды қасиеті деп қарастырылады. Кәсіби бағыттылықтың жан-жақтылығы, жеке адамның жүйесін құрайтын қасиеті ретінде П.А. Шавирдің анықтамасында көрсетілген. Оның пікірінше кәсіби бағыттылығы – нақты іс-әрекетті (немесе кәсіби іс-әрекет саласын) артығырак көретін мотивтер жүйесі, оның өзі жеке адамныц танымдық және құндылық-бағдарлық іс-әрекеті (солардың бірлігінде) негізінде өтетін кәсіби әсерлер жүйесімен қарым-қатынас процесінде қалыптасады. А.П. Сейтешев «*Кәсіби бағыттылығы дегеніміз* – жеке

адамның маңызды жақтарының бірі, ол оның қызығулары, ниеттері, бейімділіктері, мұраты мен сенімдерінен көрінеді» дейді. Кәсіби бағдар беру принциптері төмендегідей бағыттардан тұрады:

- Жалпы педагогикалық принциптер;
- Өмірмен, еңбекпен, қоғаммен байланыстылық принциптері;
- Оқушылардың еңбекке дайындығына байланысты принциптер;
- Дифференциалды және жеке қатынас принципі;
- Кәсіби бағдар жұмысының оқушылармен және ата-аналармен топтық, жеке, жалпылама түрде жүргізілу принципі.

Кәсіптік бағдар ұғымы мен бағыттарын, ұйымдастырылу жолдарын көптеген шетелдік және отандық ғалымдар қарастырған болатын. Ғалымдардың анықтамалары төмендегі кестеде берілді.

| № | Авторлардың аты-жөні | Анықтамалары |
|---|---|---|
| | К. Өстеміров | *Кәсіби бағдар беру* – жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға бағытталған мектеп мұғалімдерінің, технологтардың, дәрігерлердің, педагог-психологтардың, отбасының, еңбек ұжымдарының бірлескен іс-әрекеті. |
| | В.С. Мерлин | Жеке адам сипаттамасында ең маңыздысы және негізгісі – оның бағыттылығы, яғни жеке адам өмірінің жалпы бағыты мен барлық белсенді шығармашылық іс-әрекеті соған байланысты. Жеке адам бағыттылығына мінезінің қасиеттері, тіпті қабілеттерінің дамуына, әлеуметтік және адамгершілік құндылықтары да байланысты. |
| | И.Д. Левитов | Бағыттылық болмысқа деген өзіндік іріктелген, сол адамды сипаттайтын, іс-әрекетіне әсер ететін қатынасы. |
| | Л. Иовайша | Мектеп оқушыларының мамандық таңдауының педагогикалық негіздерін айқындай отырып, кәсіби бағыттылықты кәсіби қызығушылық, бейімділігі, мотивтерінің бір мақсатқа бағытталуы. |
| | М.И. Дьяченко, Л.А. Кандыбекович | Оқушылардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру болашақ мамандығына жағымды қарым-қатынасын және қызығушылығын туғызу, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін өзінің біліктілігін жетілдіру, материалдық және рухани қажеттілігін өтеу, таңдаған кәсіби еңбегі бойынша үнемі айналысып отыруы дейді. |

| | | |
|---|---|---|
| | И.Ә. Әбеуова | Мектеп-интернаттың оқушыларын болашақ мамандығына қызығушылығын туғыза отырып, оқу пәндері арқылы кәсіби бағыттылығын қалыптастыру керек дейді. |
| | Н.В. Кузьмина | Кәсіби құзырлылық педагогикалық талаптарға сәйкес оқу-тәрбие процесінде оқушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруда педагогтің қабілеттілігі. |
| | А.Д. Сазанов | Еңбек ету – зорлық түрінде емес, творчестволық мағынаға ие болуы керек, және мұндай еңбекке әрбір жанұя өз баласын дайындауы қажет. |
| | Е.А. Климов | Кәсіби бағдар да, кәсіби кеңес те – оқушыға бағдар беру болып табылады, кәсіби өзін-өзі анықтау оқушының өзін-өзі бағдарлауы ұғымына сай келеді, бұл кезде оқушы өзін-өзі айқындаудың субъектісі болып есептеледі. |

*Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы басты (асыл) мақсат* – тұтынушының бойында өзінің даму мүмкіндіктерін (кәсіби, өмірлік, тұлғалық) өздігімен, саналы түрде жоспарлауға, түзетуге, жүзеге асыруға деген дайындығын біртіндеп қалыптастыру. Бұл мақсаттың асыл деп аталуының себебі, мақсаттың сирек қол жеткізілуінде, асыл мақсаттар оларға жетумен анықталмайтыны белгілі, ол әрекеттерді дұрыс бағыттау үшін керек. Біртіндеп деп айтудың себебі ол мақсатқа жетудегі күрделі мәселелер бірден шешіле қоймауында. Кәсіби кеңес беру дәстүрлі жоспарлауды ғана қарастырмайды, жоспарды қайта қарау, түзетумен де сипатталады. Кәсіби мүкіндіктерді жүзеге асыру тұтынушыға қандай да бір рухани көмек береді, яғни өзінің мақсаттарына алғашқы қадамдар жасауға, сол жасаған қадамдар табыстылығын, сәттілігін бақылауға бағыттайды. Кәсіби даму деген түсінік сол тұлғаның бүкіл өмірі және тұлғалық қалыптасу өмірі деген мәтіндер аясында қарастырылуы керек.

Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы негізгі міндеттердің шартты түрде бірнеше тобын бөліп көрсетуге болады:

1) Ақпараттық-анықтамалық;
2) Диагностикалық;
3) Тұтынушыға рухани-эмоционалды көмек көрсету;
4) Шешім қабылдауда, таңдауда көмек беру.

Мына көрсетілген міндеттер әрқайсысы түрлі деңгейде шешілуі мүмкін:

1. Мәселе «тұтынушы» орнына шешіледі (тұтынушы пассивті қырынан көрінеді және таңдау «субъектісі» болып табылмайды);
2. Мәселе тұтынушымен бірге шешіледі – диалог, өзара әрекеттесу, әріптестік;

3. Тұтынушы бойынша өз мәселелерін өзі шеше алатын дайындықты біртіндеп қалыптастыру (тұтынушы нақты, шынайы субъект болады).

Оқушы жалпы нені таңдайды? Әрқашан тек кәсіпті, оқу орындарын, жұмыс орындарын таңдайды ма? Дәстүрлі кәсіби бағдар адамға белгілі бір кәсіпті таңдауға бағыттайды. Әрине, бұл тұста адамның өз мүмкіндіктері, қабілеттері, қоғамның талаптары да ескеріледі. Бәрі соншалық оңай ма?

1920 жылдары С.М. Богословский мынадай анықтама берген болатын: «Кәсіп – жұмыс, әрекет». Сол арқылы адам қоғамдық өмірдің бір бөлшегі болып өмір сүреді. Осы кәсіп оның тіршілік етуі үшін қажетті материалдық жағдай жасау жолының басты көзі болып табылады», солай бола тұра «сол тұлғаның жеке санасымен табылған, анықталған, таңдалған кәсіп болуы тиіс».

Адамның еңбек субъектісі ретінде дамуын дәуірлеудің ең тараған түрі *Е.А. Климов ұсынған нұсқасы.*

*Ойыналды кезеңі* (туғаннан 3 жасқа дейін). Қабылдау, қозғалыс, сөйлеу, функцияларын меңгеру, адамның еңбекке бейімделуіне әсер ететін тәртіптің қарапайым ережелерін меңгеру;

*Ойын кезеңі* (3 жастан 6 жасқа дейін). Адам әрекетінің «негізгі мәндерін» игеру, сондай-ақ нақты кәсіптермен танысу (жүргізуші, дәрігер, сатушы, мұғалім болып ойнау). Д.Б. Эльконин «ойын – еңбектің баласы» деп жазған болатын.

Оқу әрекетін меңгеру кезеңі (6-8 жастан 11-12 жасқа дейін). Өзін-өзі бақылау, өзін-өзі сараптау, талдау, өз әрекеттерін жоспарлау функциялары қарқынды түрде дамиды. Баланың үй жұмысын орындау барысында ойнауға ауып кетпей, өз уақытын өздігімен жоспарлағаны өте маңызды.

Оптация кезеңі (латынның «optatio» - қалау, таңдау деген сөзінен шыққан) (11-12 жастан 14-18 жасқа дейін).өмірге, еңбекке дайындық, кәсіби жолды саналы түрде таңдап, жоспарлау кезеңі; сәйкесінше, кәсіби өзін-өзі анықтау жағдайында жүрген адамды оптант деп атайды. Бұл кезеңде кездесетін парадокс: оптант жағдайына ересек адам да тап боуы мүмкін, мәселен жұмыссыз адам, өзіне кәсіп не жұмыс таңдап, жоспарлауда. Е.А. Климовтың айтуы бойынша оптация – жасқа қаратылып айтылмайды, кәсіпті таңдау жағдайына қаратылып айтылады.

*Адепт кезеңі.* Мектеп бітірушілерінің көпшілігі өтетін кәсіби дайындық.

*Адаптант кезеңі*. Кәсіптік оқытудан кейін кәсіпке кіріспе кезеңі, бұл кезең бірнеше айдан 2-3 жылға дейін созылуы мүмкін.

*Интернал кезеңі.* Толыққанды әріптес ретінде кәсіпке кірісу, норма-

ға сай деңгейде жұмыс жасай алады. Климовтың айтуы бойынша, бұл кезеңдегі қызметкерді әріптестері өз ортасындағы өз адамы ретінде қабылдайды.

*Шебер кезеңі.* Қызметкер туралы «жақсылардың үздігі» деп айтуға болады, яғни жұмыскер жалпы ортада өзінше бөлініп көрініп тұрады.

*Беделділік (авторитет) кезеңі.* Жұмыскер «шеберлер ішінде үздік» болып есептеледі. Әрине, әрбір жұмыскер осылай мақтана алмайды.

*Үйретуші кезеңі.* Кез келген маман жұмысының жоғары деңгейі. Бұл кезеңнің қызығы сонда, маман тек қана керемет кәсіби маман емес, сонымен бірге ол ұстазға айналады. Ол өзінің тәжірибесімен бөлісіп, жанының бір бөлігін шәкірттеріне салып бергенмен тең болады. Сонымен, кез келген маманның дамуының ең жоғарғы деңгейі – бұл педагогикалық деңгей. Адамзат мәдениетінің қозғаушы күші де, тірегі де педагогика мен білім беру екендігін атап өткеніміз жөн, себебі адамзат тәжірибесімен бөлісу, ұрпақтан-ұрпаққа беру, сақтау деген құндылықтардың басын қосып тұратын да осылар. Ұстаз бола білген кәсіби маман мәдени тұлға болып табылады. А.К. Маркованың бөлуі бойынша кәсіпті меңгеру кезеңдері:

1. *Кәсіби маман болуга дейінгі* (адам жұмыс жасайды, алайда нағыз кәсіби маманға қажетті барлық сапаларды әлі меңгере алмаған);
2. *Кәсіби маман* (адам – маман, яғни қалыпты жұмыс жасайды, орындайды;
3. *Супер кәсіби маман* (шығармашылық, тұлғалық даму, акме – кәсіби жетістіктер шыңы).
4. *Кәсіби маман емес* (сырттай қарағанда жеткілікті белсенді әрекеттер, бірақ жұмыста көп қателіктер жібереді немесе тұлға ретінде құлдырауға ұшырау);
5. *Кәсіби маманнан кейінгі* (адам «өткен шақтағы кәсіби маман» болуы мүмкін немесе басқа мамандарға кеңес беруші, ұстаз, үйретуші болуы мүмкін.

Жалпы білім беретін мектеп оқушыларына кәсіпалды және кәсіби бағдар беру идеялары негізінде 9-11-сынып оқушыларының көпшілігі өздеріне кәсіп таңдауда белгілі бір анықтылыққа жеткендігі туралы факт жатыр.

Кәсіптік бағдар беру кезінде ақпараттық жұмыстар аясында жергілікті білім беру мекемелерімен оқушыларды таныстыру жұмыстары жүргізіледі (экскурсия, ашық есік күні). Профильдік бағдар беру дегеніміз оқушыларға профильді және профильді емес сыныптардағы, бастауыш және орта кәсіби білім беру мекемелерінде оқу траекториясын таңдап, жоспарлауда педагогика-психологиялық көмек көрсетуді білдіреді. Біздің түсінгеніміз бойынша профильді бағдар беру оқушыларды олардың

қызығушылықтарын зерттеу арқылы келешектегі мамандықтарын, кәсібін таңдауға әсер ету. Профильді бағдар беру жұмысы жасөспірімдерді әлеуметтенуіне, мәдениетті дамытуға, кәсіби өзін-өзі анықтауға қолайлы жағдай туғызады.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Климов Е.А. Введение психологию труда. – М., 1988-300 с.
2. Өстеміров К. Кәсіптік оқыту әдістемесі //Оқулық-Алматы «РАДиАЛ» баспасы, 2006 ж. 33-37 б.
3. Өтепбергенова З.Д. Жоғары сынып оқушыларын кәсіби бағдарлаудың педагогикасы мен психологиясын салыстырмалы талдау // Қазақ мем. Қыздар пед. ун-ті хабаршысы. Психология сер. = Вестник Каз. Гос. Жен. Пед. ун-та. сер. Психология. - 2010. - № 6.- 66-69 б.

# Мектеп жасына дейінгі балалардың ұлттық мәдениетін қалыптастыру

**К. АТЕМОВА,**
**Л. САНКИБАЕВА**

Еліміздің саяси-экономикалық және әлеуметтік жедел жаңаруында Қазақстан Республикасының «Қазақстан – 2030» даму стратегиясы бағытына сәйкес әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ұлттық тәрбиенің шешуші факторы болуы заңдылық. Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мекемелерінде баланың ұлттық сана-сезімін, ұлттық психологиялық нышандарын, рухани байлығын қалыптастыру басты мақсат. Бүгінгі ұрпақтың жеке тұлғасын халқымыздың ғасырлар бойы қастер тұтып келген ар-намыс, ождан, атамекен, ана тіліне сүйіспеншілік, әдеп-иба, қайырымдылық, жауапкершілік, үлкенді сыйлау мен құрметтеу қасиетін дарыту – олардың өз еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруымыз керек. Бұл қасиеттер балаларды отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу арқылы қалыптасады. Қай заманда болмасын, жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі, үлгі алатыны тарихи жеке тұлғалар екені белгілі. Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашқари секілді ғұламалар еңбектерінің, кемеңгерлік сөздерінің балалар тұлғасын қалыптастыруда мәні ерекше.

Ғалым Р.К. Төлеубекова «Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика» (1994) деген ғылыми-практикалық еңбегінде қазақ халқының ***халықтық педагогикасы – бала тәрбиесінің негізгі құралы*** екенін баян етті. Бұл еңбекте қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі ерекшеліктер

жан-жақты баяндалып, сол ұлттық тәрбиені өмірде қолдану жолдары көрсетілді. Мұнда, көбінесе, халықтың салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәнін ашу жолдарын көрсете білу мақсаттары көзделді.

Ғалым С. Ғаббасов «Ізгілік әліппесі» (1993), «Халық педагогикасының негіздері» (1995) атты еңбектері арқылы «Халық педагогикасы этнопедагогиканың материалы» деп қараған Г.Н. Волковтың пікірін айқындай түсіп, халық педагогикасы, яғни ***ұлттық тәрбие ана құрсағынан*** басталатынын дәлелдеген.

Ғалым Қ. Бөлеев «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау» атты ғылыми-практикалық еңбегінде қазақ мектептерінің болашақ мұғалімдерін оқушыларға **ұлттық тәрбие беруге** кәсіби дайындаудың теориялық негіздерін жүйелеп көрсетті.

Ғалым Оразбекова К.А. «Иман және инабат» (1993), «Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері» (2003) атты еңбектері арқылы қазақтың халық педагогикасының жеке **тұлғаны қалыптастырудағы** ерекше рөлін жан-жақты дәлелдеп, қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі әдептік (этикалық) үрдістердің үлгілі нұсқалары этнопедагогиканың алтын арқауы екенін дәлелдеді.

Қазақ халқының ұлттық әдебиеті (жырлар, ертегілер, шешендік сөздер, т.б.) әлемдегі ең бай әдебиет. Ол жастарды ерлікке, бірлікке, еңбекке, адалдыққа, адамгершілікке, көркемдікке тәрбиелейді.

Қазақ халқының ұлттық болмысы ерекшеленіп, тәлім-тәрбиелік негіздері қалыптасқандығын айқындайтын оның **ауыз әдебиеті, жазу мәдениетін зерттеу** ғылыми-теориялық тұжырымдар жасауға негіз бола алады. Бала тәрбиесін заттың атын атап, **сан үйретуден** бастаған қазақтың ұлттық тәліміндегі ерекшеліктер, сол ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, тарихи және табиғи жағдайларына байланысты.

Ауыз әдебиетін салт-дәстүрлермен арқауластырып, халық **ана тілін** ұлттық ойдың көрінісі ретінде айқындап көрсете білді. Балаға сан үйрету үшін ең әуелі заттың не екенін, қандай екенін ұғындырады да, халық соның санын үйретеді («Бір дегенім – білеу, екі дегенім – егеу, үш дегенім – үстік» т.б.). Сан үйретуді, тіл ширатуды, мақал-мәтел үйретуді, тақпақ жаттауды игі әдетке, одан әдепке, әдептен дәстүрге айналдырып, қазақ халқы **«тілашар» дәстүрін** қалыптастырды. Қалыптасқан тілашар дәстүрі бойынша халық баланың 5 жасқа дейінгі тәлім-тәрбиесін осы тілашар дәстүрімен байланыстырады.

Тілашар дәстүрі баланың **шілдехана тойы, бесікке салу, тұсау кесер** рәсімдерінен басталып, бөбектің тілі шыға бастағанда оған сан үйрету, жаңылтпаштар айтқызу, үш жастан бастап тақпақ айтқызу, ән үйрету, дарынын дамыту рәсімдері орындалады.

Табиғатынан **өнерпаз, шешен, меймандос мейірлі** халық тәрбие мен дүниетаным үшін санамақтарды, жаңылтпаштарды, жұмбақтарды, мазақтамаларды, мақал-мәтелдерді, жырларды, термелерді, шешендік

сөздерді, ертегілерді, аңыз әңгімелерді шығарып, оны тәрбиеге салт-дәстүрлермен байланыстырып пайдаланды.

**Батырлық жырлар** ерлікке, отансүйгіштікке, адамгершілікке тәрбиелесе, *ғашықтық жырлар* мөлдір махаббаттың беріктігіне, әділдікке, ерлікке баулыды, **тұрмыс-салт жырлары** ұрпақтың дүниетанымын арттырды, еңбекке, адамгершілікке тәрбиелеп, кәсіпке баулыды; **терме жырлар** кісілікке, бірлікке, достыққа тәрбиеледі, **айтыс өлеңдер** ұрпақтың өнерпаздығын дамытты, **ойын өлеңдер** дене тәрбиесін берумен қатар, ұрпақты әсемдікке баулыды, олардың қиялын дамытты; **терме** жырлар адамгершілікке, бірлікке, адалдыққа тәрбиеледі, **шешендік сөздер** жеке тұлғалардың ойын, тілін дамытып, тапқырлыққа, әділеттілікке тәрбиеледі, **өнегелі сөздер** мен **тақпақтар** жеке тұлғалардың кісілігін қалыптастырды.

*Балабақшадағы* тәрбие тәжірибелері жоспарлы түрде ғылыми-педагогикалық негізде жүргізіледі. Бөбектер мен балдырғандардың дүниетанымын, тілін, қиялын дамытып, мінез-құлқына әсер ету үшін, түрлі ойындар, эстетикалық әсер еткіш тәсілдер қолданылады. Әрине тәжірибе жаңаша жаңғырып (инновацияланып) отырады. Ол балабақшадағы әдіскер-тәрбиеші халықаралық, халықтық, педагогикалық тәжірибелерді жан-жақты игеріп, өз ісінде жаңаша (жаңғырту) іс-әрекеттерін ұйымдастыра білуге тиіс. Балабақшадағы іс-тәжірибелері, көбінесе, отбасымен тығыз байланыста болуға тиіс екендігі белгілі. Балабақшадан бала бойына кісілік дағдыларды қалыптастыруымыз қажет. Белгілі ғалым, профессор, балалар жазушысы Ә. Табылды **кісілік рәсімдерді төмендегідей түрлерге бөледі:**

*Имандылық* – izеттілікті, сыйласымды, жақсылыққа сенуді, тек жақсылық жасауға бейімделуді;

*Салауаттылық* – таза жүруді, есіріктен аулақ болуды, ар-ұятты қастерлеуді, оғаш құлық көрсетпеуді;

*Қайырымдылық* – адамға, айналасына жақсылық жасауды, көмек көрсетуді адам баласына мейірімді болуды, табиғатты қорғауды;

*Перзенттік парыз* – Отанға, ата-анаға қызмет етуді, перзенттік борыштар мен міндеттерді өтеуді, Отанын сүюді, адамдарды ардақтауды;

*Әдептілік* – ізетті, инабатты, қайырымды, мейірімді болуды, әрқашан әдеп сақтауды, әдеппен сөйлеуді, жақсы мінезділікті;

*Өнерпаздық* – өнерді сүйе білуді, өнер үйренуді, өнер адамдарын ардақтауды;

*Ататекті қастерлеу* – ата текті сыйлауды, ата дәстүрлерін жалғастыруды, бүкіл адамзаттың адамгершілік қасиеттерін қабылдап, қастерлей білуді;

*Бірлікшілдік* – дос, жолдас, туыс, ұжым бірлігін сақтауды, ұлттық (халықтық) бірлікті қастерлеуді;

*Қазақи қонақжайлылық* – кез келген адам баласын күтіп, оған жағдай жасауды, сыбаға беру, қонақ кәде жасауды, аш-арыққа көмек көрсетуді;

*Ар-намыстылық* – ар, ұят, намыс сезімдерін қалыптастыруды, ұлттық және адами намысты қорғай білуді, алға талпыну ісін қолдауды көздейді. Осы кісілік рәсімдер арқылы балада да кісілік мінез қалыптасады дейді.

*Кісілік мінез* – адамгершілікті, кісілікті айқын көрсететін, саналы, салауатты мінез. *«Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, - кісі болмас баланың кісіменен несі бар», «жақсы кісімен жолдас бол, ғалым адаммен сырлас бол», «кісімсіген кісі болмас, - кішірейген кіші болмас», «кісіден – ғибрат,кішіден – ізет»* деп, халық кісілік мінезді жоғары бағалайды да, жастарды кісілікке баулиды.

***Ұлттық тұлға өз ұлтының мәдениетін:*** әдебін, дәстүрін, салтын, салт-санасын жақсы біледі де, өзінің мәдениеттілігін сол ұлттық құндылықтарды әдеппен көркем көрсете біледі, өзі өркениеттіліктің өнегесін, үлгілі сипатын, мәнін, мазмұнын зиялы әрекеттерімен паш етеді. Ұлттық мәдениетті жан-жақты игерген адам сол мәдениеттің ұлттық мәнін ғаламдық өркениетпен байланыстырып, толықтырып пайдаланады.

Қазақ халқының ұлттық болмысындағы ұлттық дағдылар: қайырымдылық, мейірімділік, меймандостық, үлкенді құрметтеу, еркіндік, бірлікшілдік, ақиқатшылдық, әдептілік, инабаттылық, жадылық – ғасырлар бойы қалыптасқан *ұлттық құндылықтар* болып табылады. Дағдыға айналған ұлттық – тәрбиелік құндылықтар ұлттық тәрбиенің барлық саласында қолданылады. «*Арым, ұятым – барым миятым»* деп, әрбір ұлттық тұлға адамдық арын биік қойып, ұлттық құндылықты толық игере алмағаны үшін ұялады, талпынады, шынығады. Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, әдеп, дәстүр, салт, салт-сананың ұлттық негіздерін танып – біліп, сол қалыптасқан тәлім-тәрбиелік негіздердің қолданысын үйрену керек. Әрине, өсе келе бала жалғыз өзі ұлт құндылықтарын ғана күйттемей, жалпы адамзаттық адами қасиеттерді таңдап, талғап игеруге тиіс. Бұл жерде «еліктеу» сияқты жұқпалы әрекеттердің зияндық жақтарын ажырата біліп, адам баласының асыл қасиеттерін талғап, таңдап қабылдауы керек. Оны ұлттық құндылықтың құрамына сіңістіре, әдеппен пайдалану керек.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Табылды. Ә. Қазақ этнопедагоикасы: Оқу құралы. - Алматы: «Білім», 2004. - 313 бет;
2. Табылды Ә. Ұлттық тәрбие. АМҰУ баспасы, 2010, - 320 б.;
3. Баширова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Иман – тәрбие негізі. Алматы., 1997;
4. Ғаббасов С. Халық педагогикасы мен психологиясының негіздері. – Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2005, 323-бет.

# Жоғары сынып оқушыларының рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жолдары

Ұ. ТӨЛЕШОВА,
Ұ. ТАҢСЫҚ,
Н. ОРЫНБЕК,
Д. ЖҰМАБЕК

Қазіргі дүние жүзінде өркениетті елімізде ғылым мен техниканың қарыштап дамуы өзінің игіліктері мен бірге әлемдік экология апаттарды тудырып отырғаны және оның ауыр зардабынан сақтанудың басты жолы жеткіншек жоғары сынып оқушыларының рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, оның сапа-қасиеттерін олардың бойына сіңіру болып отырғаны аян. Руханилық өмір заңы емес, адамгершілік заңы, ол адамның адамдық қасиетін ашады, бір сөзбен айтқанда руханилықты көрсетеді. Адамгершілік ұғымы қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғымдардың жиынтығы.

*Адамгершілік тәрбиесі* – ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы болып табылады. Жеткіншектерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, адамгершілік түсінікті, адамгершілік сезімді және адамгершілік мінез-құлықты, бірге тәрбиелеуден тұрады. Адамгершілік тәрбиесі – тәлім-тәрбиенің ықпалды әсерімен моральдық сананы қалыптастырып, этикалық білімді, адамгершілік сезімді дамытудың сара жолы және руханилықтың басқалармен қарым-қатынаста көрініс беретін нормалары болмақ. Жалпы адамгершілік тәрбие үш түрлі функционалдық-әлеуметтік, теориялық және практикалық - салада қарастырылады. Адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік қызметті жеткіншек ұрпаққа жинақталған тәжірибені жеткізуден көрінеді. Ал, оның теориялық аспектісі білім саласын теориялық жағынан дамытуды қамтамасыз етеді. «Практикалық қызмет адамгершілік тәрбие бойынша жұмыс мазмұны мен әдістемесін жетілдіруді көздейді», - деп педагог Ю.Б. Мандрик адамгершілік тәрбиесінің мазмұнын қажеттілігін түсіндіреді. Философиялық сөздікте: адамгершілік - адамдар оқиғаларға баға береді, өзінің мінез-құлық бағытын таңдайтын, моральдік ұғымдарға, әр түрлі құбылыстарға байланысты, олардың бастан кешіретін мақұлдай немесе айыптау сезімі негіз болады. Отандық ізденушілердің бірі Б.Қ. Игенбаева рухани адамгершілік құндылықтарды білім мазмұнына енгізу тәсілдері жүзеге асырудың мынадай мүмкіндіктерін ұсынады:

1. Рухани-адамгершілік құндылықтарды кез-келген пәнді оқытудың мазмұнына енгізу;

2. Сыныптан тыс сабақтарды баланың адамдық асыл қасиеттерді игеруіне ықпал ететіндей бағытта ұйымдастыру;

3. Жеке пән ретінде жүргізілетін сабақтардың бағдарламасына енгізу.

Адамгершілік тәрбиесі – ол жүрек тәрбиесі. Рухтың ұясы да – жүрек. Ақыл жүрекпен нұрланса, рақымды болса, ізгіленді. Жүректің терең жылуынсыз тек ақылмен қабылданған білім адамның өзіне де, қоғамға да, болашаққа да теріс ықпал етеді. Тәрбие баланы даму кезеңдерінде адамның рухани өзегін қоректендіруші болып, білімнен бұрын жүргізілуі тиіс, яғни білімге адами және рақымдылық сипат беріліп, ақылды жүрек жылуымен нұрландыру керек.

Адамгершіліктің жеті қасиеті бар:

Ақылдылық – адамгершіліктің санаты.

Сәлемдесу – адамгершіліктің бастамасы.

Сыйласу – адамгершіліктің ары мен нұры.

Құрметтеу – адамгергершіліктің қолдаушысы.

Кішіпейілділік, ізеттілік, мейірімділік – адамгершіліктің достары.

Ал, ары жоқтың адамгершілігі болмайды, адамгершіліктің қас жауы – өсек, өтірік, мақтаншақтық. Сондықтан адамгершілік тек арлы адамда болады.

Рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу адамгершілік, имандылық, әдептілік сияқты қасиеттер арқылы жас кезінен сан ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тарихы бар құндылықтар негізінде тәрбиелеудің саласы мол, мазмұны бай, атадан балаға ұласатын құндылық сезім ниеттерден, ізгі қасиеттерден жалғасып отырғанына көзіміз жетті. Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде кітапханалардың, мұражайлардың, мәдениет орындарының орны ерекше. Өйткені, бала тәрбиесімен айналысатын адамдардың өздері де, білімдендірілуі тиіс деген ой туындайды, рухани байлық мәңгілік шынайы байлық екеніне көз жеткізуіміз тиіс.

Рухани-адамгершілік тәрбиесінде баланың өзін-өзін танып тәрбиелеуі мен өзіндік іс-әрекеті болса, мектептегі, ұжымдағы, отбасындағы рухани-адамгершілік тәрбие баланың Отанға деген махаббатын, еңбекке, т.б. нәрселерге қатынасын қалыптастырады. Оның нәтижесі, дұрыс жеке танымдық, адамға деген көңіл бөлушілік, өзіне деген талаптылықтан көрінеді. Рухани-адамгершілік тәрбие жоғары сынып оқушыларының дүниетанымымен, мінез-құлығының бағалы негіздерімен, оқуға, еңбекке, табиғатқа, өз-өзіне, басқа адамдарға қатынасымен байланысты жүргізіледі. Жоғарыдағы мәліметтерге сүйене отырып рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына қалыптастырған студент тұлғасының үлгісін ұсындық: (Кесте 1)

| | Қасиеттер | Мазмұны |
|---|---|---|
| Рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырған студент тұлғасы | ***Абыройлы*** | Ар-абыройыңды жасыңнан сақта. |
| | ***Иманжүзді*** | Иманжүзді деп ізгі-ілтипатты, тура сөзді адамды айтады. |
| | ***Мейірімді*** | Мейрімділікті анадан үйрен. |
| | ***Әдепті*** | Әдеп жолы әріден басталады. |
| | ***Тәртіпті, тәрбиелі*** | Тәрбиелі тәртіптің құлы, тәртіпті елдің ұлы. |
| | ***Кішіпейіл*** | Кішіпейіл – кішілік емес кісілік. |
| | ***Қайырымды*** | Қайырымдылықпен ала алмағанды, қаталдықпен ала алмайсың. |
| | ***Қанағатшыл*** | Нысапты адам – қанағатшыл. |
| | ***Отаншыл*** | Отаншылдық – ең ізгі сезім. |
| | ***Аққөңіл*** | Ақ көңілдің аты арып, тоны тозбас. |
| | ***Арлы*** | Адал арың – ақ мамық жастығың. |
| | ***Көргенді*** | Көргендінің қылығы көңіл марқайтады.<br><br>Көргенділік – тәрбиеліліктің көрсеткіші. |
| | ***Парасатты*** | Парасатты ақыл-мінез жарастығы. |
| | ***Қарапайым*** | Қарапайымдылық – өзінің адамдық қадір-қасіретін түсіну. |
| | ***Сабырлы*** | Сабыр – әдептілік, инабаттың рухани тірегі, сабыр – ақыл серігі. |
| | ***Әділ*** | Әділдік – адамның ең асыл қасиеті, адамгершіліктің әдеп-инабаттың негізі деп саналады. Әділдік әркімге өзіне тиістісін беруден тұрады. |
| | ***Адал*** | Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен. |
| | ***Жомарт*** | Жомарт дос көбейтеді, сараң мал көбейтеді. Жомарттық – бақыт, қуаныш. |

Жоғары сынып оқушыларының рухани-адамгершілік құндылығы: оның сүйіспеншілік, қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, әділеттілік, шығармашылық, еркіндік, борыш сезімдеріне, шығармашылық мүмкіндіктеріне негізделген ішкі жан дүниесінің көрінісі деуге болады. Рухани-адамгершілік құндылықтар мен ұстанымдардың сыртқы жағдайларға қажеттілік пен қызығуға, адамдардың субъективті бейімділігіне байланысты өзгеріп отыратынын өмірден көріп жүрміз. Бұл жағдайда жеке тұлғаның құндылық дүниесі қалыптасып бекімегенін байқаймыз.

Адам қоғам тарапынан қойылатын талап-тілектерді түсініп, соның дұрыстығына, қажеттігіне көзі жетіп, өз еркімен, ынта-ықыласымен, өзі мойынсынып орындаса, ондай оқушы нағыз еркін болады.

**Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Н.А. Асанов, Н.С. Әлқожаева, Ұ.Б. Төлешова, Қ.Б. Жұмабекова Тұлғаның рухани-адамгершілік тәрбиесі. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2018.-143 б
2. Балтабаев М.Х. Концепция духовно-нравственного воспитания учащихся в системе неперерывного образования. –Алматы, 2002г.,27стр.
3. Табылдиев Ә.Т.Ұлттық тәрбие иірімдері. Қазақ ұлттық университеті, –А., 2001.

# Цифрлық ұрпақ теориялары

**П. АБДУЛЛАЕВА,**
**Н. АКБАЕВА,**
**Д. БЕРЕКЕТОВА,**
**Ж. БИСЕКЕН,**
**Қ. ЖАНҚУАТ,**
**Т. ХУСАИНОВА**

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде, атап айтқанда Қазақстанда ұрпақтар мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Тарихта болған оқиғалар мен ұрпақтар арасындағы байланыс ғалымдар арасында пікірталасқа толы. «Generatio» латын тілінен аударғанда, философиялық энциклопедиялық сөздікке сәйкес, келесідей түсіндірмесі бар: «ұрпақ тізбегіндегі жеке буын (ата-аналар, балалар, немерелер); кез келген адамға немесе мәдени шеңберге жататын шамамен бірдей жастағы адамдар тобы» [1]. Бұл ұрпақтың қызмет ету ұзақтығы шамамен 20-30 жыл деп есептеледі. Әрбір ұрпақ маңызды әлеуметтік функцияға ие. Әрбір ұрпақ қоғамның дамуына жаңа нәрсе енгізеді.

Ұрпақтардың ерекшеліктері туралы алғашқы болып К. Маннгейм зерттеді [2]. Оның пікірінше, ұрпақтар арасындағы айырмашылықтардың маңызды факторлары-адамдардың ортақ тарихы мен тәжірибесі болды. Ұрпақтар мәселесін көптеген ғұламалар мен ғалымдар қарастырды соңын ішінде; Аристотель, Ж. Боден, М. Вебер, Д. Вико, В. Дильтей, Э. Дюркгейм, О. Конт, К. Маркс, В.И. Ленин, Ш. Монтескье, Т. Парсонс, Платон, С.М. Соловьев, П. Сорокин, Г. Спенсер, З. Фрейд, Ф.

Энгельс, Х. Ортега-и Гассет. Қазіргі авторлардың еңбектерінің ішінде Р. Инглхарттың және оның әріптестері ұсынған ұрпақтар теориясы кеңінен таралды, ол теорияға сәйкес ұрпақтардың қалыптасуы ұлттық маңызы бар оқиғалардың әсерінен жүреді [5].

Қазіргі таңда барлық халықтар электронды байланыс желісімен біріктірілген, жастар тәжірибе қауымдастығына ие болды және бұл тәжірибе аға ұрпақта ешқашан болған емес. Керісінше, аға буын ешқашан жастардың өмірінде бір-бірін алмастыратын бұрын-соңды болмаған өзгерістер тәжірибесін қайталамайды. Ұрпақтар арасындағы бұл алшақтық мүлдем жаңа, ол жаһандық және әмбебап. Бүгінгі балалар үлкендер білмейтін әлемде өседі, бірақ кейбір ересектер бұл ерекшеліктердің болатынын болжады. Жаңа қоғамның пайда болу процесінің әсерінен жаңа ұрпақтың дүниеге келетінін.

Экономист Н. Хоув және тарихшы У. Штраус, ұрпақтардың ойлау қәбілеттілігі мен іс-әрекетін анықтайтын маңызды факторлар жас емес, адамның отбасында тәрбиелеудің нормалары болып табылады деп тұжырымдайды. Олардың еңбегінде «ұрпақ циклі» немесе әлеуметтік буын деп аталатын негізгі үлгіні анықтайды. 1991 жылы Н. Хоув пен У. Штраус 1860 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін АҚШ тарихын талдау негізінде, ұрпақтар теориясын әзірледі.

Бұл еңбектің басты құндылығы-адамдар ұқсас құндылықтарға ие болатын белгілі бір кезеңдер бар екенін және ұрпақтардың ұзақтығы 20 жыл екенін анықтады. Мұндай кезеңдерді олар «әлеуметтік ұрпақ» деп атады.

«Әлеуметтік ұрпақ – бұл жиырма жылдық кезеңде туылған және үш жалпы критерийі бар адамдардың белгілі бір қауымдастығы: тарихтағы жас ерекшелігі, бұл шамамен бірдей жастағы бірдей тарихи оқиғалардың куәгері болған, жалпы, біртұтас сенімдер мен мінез-құлық үлгілеріне және осы ұрпаққа қатыстылық сезімге ие» [4].

Олардың теориясына сәйкес, адамның мінез-құлқы оның 12-14 жасқа дейін өмір сүріп, тәрбиелегеніне байланысты. Дәл осы жасқа дейін адамда құндылықтар жүйесі қалыптасады. Аталмыш ғалымдар балаларды да, ата-аналарды да зерттей отырып, адамзатты ұрпаққа бөліп, оларға атаулар берді.

Бірінші кестеге сәйкес төрт архетип бар: «пайғамбарлар», «көшпенділер», «батырлар», «суретшілер». Қысқы кезеңге суретшілер, көктемге – пайғамбарлар, жазға – көшпенділер, күзге – батырлар жатады. Бір архетипке жататын ұрпақтар бірдей жас кезеңіне ие, оларды қалыптастыратын оқиғалар, сондай-ақ мәдениетке, отбасылық құндылықтар және т.б. қатысты көзқарастар біріктіреді.

Содан соң 2 мин ішінде зерттелушілер есінде қалған сөздерді жазып шығуы керек.

Нәтижелерді өңдеу.

Әр топтың қанша сөздерді жазылғанын есептеу керек.

*«+» – жағымды түсі;*

*«-» – жағымсыз түсі;*

*«0» – бейтарап сөздер.*

С=А/21сөздер х100% мұнда А – анықталған топтың жазылған сөзінің саны. Эмоционалдық мәндері есте сақтауға қаншалықты әсер ететіндігін анықтау болып табылады.

**Ойлау.**

**Көрнекі-бейнелеп ойлау.** *«Төртінші артық» әдістемесі.*

Нұсқау: Сіздерге ұсынылып отырған суретті карточкалардың әр қайсысында 4 суреттен салынған. Карточкадағы 3 сурет жалпы бір тақырыпқа жатады, ал 1 сурет басқа мағына береді. Сіздер әрбір карточка-

ның ортақ тақырыбын анықтайсыздар. Сосын суретті карточкалардың реттік санын, ортақ тақырыбын, артық затты табуларыңыз керек. Мысалы: «Қыс» – артығы «Қайық».

Нәтижелерді өңдеу:

Зерттелушінің жауаптарын кілтпен тексеру керек. Әрбір дұрыс жауапқа 20% болып есептеледі. Егер де нәтижесі 70% болса, онда оқушының көрнекі-бейнелі ойлауы жоғары дамығаны.

**Материалдар:**

**«Артығын тап» әдістемесі**




*Кілті:*

1. Жүгері;
2. Жүзім;
3. А әріпі;
4. Шырша;
5. Қоға;
6. Бесбұрыш ;
7. Бензоколонка;
8. Микроскоп.



**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.М. Жанпейісова. «Модульдік оқыту технологиялары», 2002;
2. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология оқулық, 2004;
3. Педагогика және психология түсіндірме сөздік. – Алматы, «Мектеп», 2002;
4. А. Нұрмағамбетова. Тәжірибелік психология. 1-том, 2006.

# Тренинг не үшін қажет?

**Г. СУЛЕЙМЕНОВА**

Қазіргі қоғамда қарым-қатынас сауаттылығы маңызды сипат алып отыр. Күннен күнге қарым-қатынас пен өмір, ойын тәрізді қарастырылады. Біз ойын арқылы ақиқатты танып білеміз, сондықтан берілген әдістемелік құралда психологиялық тренинг және шағын психологиялық жаттығулар, оның мақсаты мен ережелері және түрлері, жүргізу жолдарына қысқаша шолу жасадық.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша «қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауында «білім беру реформасы Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігінің қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» деуі соған толық дәлел бола алады. XXI ғасырда әлемдік өркениет жаңа даму сатысына көтерілді деп айтсақ болады. Себебі, ҚР-ның қазіргі білім жүйесінің стратегиялық мақсаты жоғары білімді бәсекелестік қабілеті мол, шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Қазіргі мектептерде балалар белгілі бір білім ғана алып, біліктілікке үйреніп қана қоймай, сондай-ақ алған үлгі-өнегені өмір бойы пайдалана білуі тиіс. Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңінде, оқу-тәрбие жұмысының жаңару заманында ағарту саласының мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу, білім беру буынында шешімін күткен келелі мәселелер тұр.

Бүгінгі таңда қарым-қатынастағы компоненттің дамуы әлеуметтік психологиялық тренинг аясында ойдағыдай шешілуде. Соңғы 30-40 жыл ішінде қарым-қатынас механизмін дамытуда белсенді, жедел әдіс-тренингтер ұйымдастырылып, қолданылуда. Психологиялық тренинг (немесе әлеуметтік психологиялық тренинг) жанұялық қарым-қатынастағы түзету тәжірибесінде, жасөспірімдерді бейімдеуде, т.б. өзін жақсы жағынан көрсетті. Нақты және зертханалық эксперименттердің элементтерін өзіне біріктіре отырып, қарым-қатынас біліктілігінің саласында кең көлемдегі міндеттерді шешетін тренингтер психологиялық ықпалдың тиімді құралы болып табылады.

**Тренингтің мақсаты:**

- өзін-өзі тану, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу;
- ойдың икемділігін, тапқырлығын талап ету, өзгешелігін дамыту;
- ойдың дәлдігі мен жылдамдығын жаттықтыру;
- қиялды, шығармашылық қабілетті дамыту;
- өзінің және өзгенің даралығын бағалау, өзін-өзі құрметтеу;
- комуникативтік дағдыны дамыту, қарым-қатынастың түрлі әдіс-тәсілдерін меңгеру;

- өзі, өз құқығы мен міндеттері туралы ойларын дамыту;
- көңіл-күйді көтеру, сезім мен эмоцияны реттеу.

**Міндеттері:**

• өзін-өзі түсіну;
• өзін-өзі реттеу;
• қарым-қатынас жағдайында басқаларды түсіну;
• қарым-қатынастың жаңа дағдыларын өз бойына қалыптастыру;

Психологиялық тренинг заңы тренингте ойланудың дұрыс, ішкі топтық үдерісті бақылауға мүмкіндік береді. Тренинг заңын тиімді қолдана білу тренинг әсерін арттырып, қатысушыларға көмекші тәсіл болып табылады.

**Күтілетін нәтиже:**

Балалардың өмірге деген құштарлығын, қызығушылығын ояту. Жеке тұлға онда екі мағынада қарастырылады: кез келген саналы адам; өзінің психикалық үрдісін, мінез-құлық, жүріс-тұрысын басқара алатын қабілетті адам. Өзінің өміріне өзгеріс ендіретін адам ретінде дайын болады. Қалыптастыру – яғни, адамның өмір сүру әрекетін ұйымдастыру, тәрбие мен білім беруді жүзеге асыру, тұлғаның бойында белгілі бір қасиетті дамтуға ықпал ету. Осы ықпал етудің көптеген әдістері мен формалары бола тұра соның ішінде тренингтің мүмкіндігінің әсер ететіні сөзсіз.

*Тренинг* – бұл өзін-өзі қалыптастыру мүмкіндіктері және қоғам өміріне енуге қатысты ақпарат ақпаратты беру және алуда жасалатын топтық әдеттегіден тыс әрекет.

Адам бойындағы мінез құлықтың айтарлықтай өзгеріске ұшырауы көп жағдайда жеке түрде емес топтық әрекеттерде айқын көрінеді, сондықтан да мінез құлықта болып жатқан өзгерістерді уақытында анықтап, өзгерту үшін, жаңа мінез қалыптастыру үшін, адам өзін басқалар сыртынан қалай көретіндігін көре алатын болуы керек.

Бүгінгі күні бұл әдіс балалармен, ата-аналармен жұмыс істеуде белсенді қолданыста жүр.

Тренинг – жарқын, эмоцияға толы жаттығу, өзгеруге бағытталған, жеке тұлғаның қатынасын үйлестіретін, білімдерді бойға сі ңіру, өзге адамдармен қатынас барысында өзін-өзі ұстауын өзгертуге бағытталған.

*Тренинг* – өзін-өзі тануға, өзін-өзі реттеуге, тұлғааралық қарым-қатынасқа, коммуникативтік және кәсіби біліктілікке бағытталған психотерапиялық, психокоррекциялық және оқыту әдістерінің жиынтығы. Кейде осы терминді жете түсіну үшін (ағылшын сөзі experience – «өмірлік тәжірибе») қолданады.

*Психологиялық тренинг* – қоршаған ортаны тануға, адамдардың өмірлік тәжірибесі арқылы және қарым-қатынас барысында түрлі жаттығулар мен пікірталас барысында сезінеді. Мұндай әдістер жасөспірім шақта ерекше маңызды болып келеді, себебі қоршаған ортада болып жатқан оқиғалар мен адамдармен қарым-қатынасының шиеленісуі,

жасөспірімнің осы проблемаларды шешуге деген ынтасы және өмірлік тәжірибенің аздығының әсеріне байланысты. Тренинг бір жағынан барынша «жинақылыққа», екінші психологиялық жағынан түсіндіру, яғни тұлғаның ішкі қарама-қайшылығын шешуге бағытталған. Тренинг әдісі ретінде қатысушылардың қандай да бір іс-әрекетті үйренуге бағытталған. Бірақ қандай шарттар іс-әрекетті үйретуге бағытталған? Адамның нақты іс-әрекеті: 1) белгілі бір әрекетті істеуге деген ынтасы 2) іс-әрекетті қалай орындау керек екенін білу 3) іс-әрекетті жүзеге асыру.

# Бала тәрбиесіне байыппен қарайық

**Б. КАЛМУРЗИНА**

**Мақсаты:** ата-ананың өзекті рөлі, бала тәрбиесінің маңызын ұғындыру, тәрбие әдістерін үйрету, бала тәрбиесіндегі кемшіліктердің өкінішке әкелетінін ұғындыру.

**Қатысушылар:** ата-аналар.

**Қажетті материалдар:**

1. Музыкалық орталық, жайлы әуен;
2. А4 формат парағы,

Ата аналарды жеміс жидектерді тарату арқылы 3 топқа бөлеміз.

**Психолог:** Қазіргі өткізетініміз «Мамандығым ата-ана» жаттығуы. Әр адам белгілі мамандық иесі сол мамандықтың биігіне шығады. Оны шеберлікпен меңгереді. Сіздердің ең басты мамандығыңыз ата-ана болу. Бұл мамандықтың қызметі не? Ата-аналар пікірлерін ақ бетке жазады.

**Ой шақыру: Бала тәрбиелеу әдістері.** Ата-аналар пікірі.

Бала тәрбиелеу әдістері: бесік жыры, ертегі айту, сурет бойынша әңгіме құрастыру, сурет салу рөлдік ойындар, кітап оқу, әңгімелесу, пікірлесу, кино көру, талқылау, мадақтау, сенім арту, т.б.

***«Баланы іспен емес, сөзбен, үлгімен емес, ақылмен үйретпекші адам сорлы ғой».***

***Ж. Аймауытов***

Ең бастысы үлгімен тәрбиелеу. Бала тәрбиелеудегі қандай әдістерді жиі пайдаланасыздар. Ата-аналар пікірі. Бала тәрбиелеудегі ата-аналардың жіберетін қателіктері: Бақылаусыздық;

1. Назардан тыс қалу;
2. баланың бос уақытының көп болуы;
3. Отбасының толық болмауы;
4. Жас кезіндегі педагогикалық тәрбиемен жете қамтылмауы;
5. Оларды тәрбиелеудегі асығыстық;
6. Балаға балдырған кезінде қатал болып, есейгенде айтқанын орындата алмау;

7. Балаға жасынан толық еркіндік беру;
8. Ата-аналардың отбасындағы келіспеушілігі;
9. Өз жауапкершілігін сезінбеу;
10. Сенім білдірмеу;
11. Ұлттық тәрбиенің болмауы;
12. Бала қабілетімен санаспау;
13. Мектеп пен ата-ана арасындағы байланыстың әлсіздігі;
14. Құры уағыз айту.

**«Өмірді өту мәні» жаттығуы.**

Ақ беттің үстіңгі бөлігіне сіздің өміріңіз үшін маңызды 3 нәрсені жазыңыз.

Ақ бетті қайырыңыз 6 ай өмірім қалды деп есептеңіз, не істер едіңіз, не өзгертер едіңіз.

Ақ бетті қайырыңыз 1 ай өмірім қалды деп есептеңіз, не істер едіңіз, не өзгертер едіңіз.

Сіздер үшін маңызды 3 нәрсенің біреуі «бала» болғандығы анық. Не өзгертер едің деген сұраққа балаға деген қарым-қатынасымды, мейірімділікті арттырып, тәрбиелеу әдістерін өзгертер едім деп жазсаңыздар. Сіздер өз мамандықтарыңызды жақсы игерген ата-анасыздар.

**Қорытындылау «Пілдің аяғы» жаттығуы.** 4 ата-ана пілдің аяғын бейнелейді. Бір ата-ана пілдің аяқтарын қозғалтып көреді. Әрине, пілдің аяқтарын қозғалту қиын.

**Қорытынды:** Бала тәрбиесіндегі әрбір жіберіп алынған қателік пілдің әр аяғы сияқты оны түзету қиынға соғады. Сондықтан да, бала тәрбиесіне мұқият қарайық.

# Мектепішілік тұрмысы төмен балаларға қолдау көрсету

**Ғ. ДУСАЕВА**

Әлеуметтік педагогика – ортаның, қоғамның, тәрбиеге, әлеуметтенуге әсер ету факторын зерттейтін педагогиканың бір саласы.

Әлеуметтік педагогиканың мақсаты – оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жандүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру.

Отбасы. Бала. Мектеп.

Бір-бірінен ажырағысыз үш ұғым.

Отбасы бар жерде бала бар,
Бала бар жерде мектеп бар.

Енді, мектебіміздегі әлеуметтік педагогтың қызметтік функцияларына тоқталайық:

• Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларының тізімін жасау;

• Аз қамтылған жағдайы төмен, жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасы балаларын тегін оқулықпен қамтамасыз ету;

• Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан материалдық көмек берілетін оқушылардың тізімін талдау және бекіту;

• Үйден оқытуды қажет ететін оқушылардың тізімін анықтау және үйде оқыту жұмыс жоспарының орындалуын қадағалау;

• Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі және облыстық білім басқармасымен «Мектепке жол» атты акцияны басшылыққа ала отырып, мекеме басшыларымен, кәсіпкерлермен бірігіп қамқорлық акциясын ұйымдастыру;

• Мектеп жанындағы лагерге жағдайы төмен отбасы балаларының тартылуын қадағалау;

Балалар, жасөспірімдер, олардың тәрбиешілері өмірінің қиын кезеңінде әлеуметтік педагогтан көмек сұрайды. Өмірден түңілген, үмітін жоғалтқан, қиындықты басынан кешірген және проблеманы өздігінен шеше алмаған олар түсіністікті, тілектестікті, адамгершілік қолдауды және нақты көмекті күтеді. Оларға сөзбен және іспен көмектесу, олардың өзіне сенуіне, өзінің құндылықтарын қайта қарауына және кемелденуіне ықпал ету – әлеуметтік педагогтың басты міндеті. Балалар мен жасөспірімдердің жанын түсіну және аялау –әлеуметтік педагогтың негізгі миссиясы. Соңғы он жылдағы болып жатқан өзгерістер рухани-өнегелілік бағдарлауды, тұспалдауды, мұрат етуде көптеген қоғамдық сананың барлық формасының мазмұнына өзгертулер енгізді.

Қазіргі заман жастарының қоғамдағы жағдайын әлеуметтік депривациялық жағдай ретінде, яғни олардың өмір сүруі мен тұлғалық дамуына жағдайдың жеткіліксіз болуы, шектеулік, материалдық және рухани ресурстардың жеткіліксіз болуын айтуға болады. Күнделікті өмірде жастар ішімдікпен, нашақорлықпен, ассоциалдық мінез-құлықпен, қылмыспен кездесуде. Баланың жаны мен психикасына жағымсыз әсер ететін толық емес, кикілжіңді, қолайсыз, беймаралды отбасылар көбеюде. Балалар мен жастар үнемі білім беру мен тәрбие саласында да әлеуметтік депривацияға түсуде. Қазіргі таңда сапалы білім алу тікелей отбасының материалдық жағдайына байланысты болып отыр. Әлеуметтік қатынаста депривациялық фактор әлеуметтік жіктелудің

күннен күнге тереңдеуіне және қала мен ауыл арасындағы айырмашылыққа байланысты болып отыр.

Әлеуметтік депривацияның көрінісінің бірі ретінде еліміздегі жартылай жетім және жетім балалар санының көбейіп отырғандығын айтсақ болады.

Қазақстан қоғамының жоспарлы экономикадан нарықтық, тоталитарлық жүйеден демократиялық жүйеге ауысуы ескі проблемалардың шиеленісуіне жаңа проблемалардың соның ішінде жастар ортасында да пайдалануына әкеліп соғуда. Балалар мен жастардың әлеуметтік проблемалары – халық арасындағы ерекше әлеуметтік-демографиялық тобының өздері және қоғам үшін маңызды салаларындағы проблемалары. Бұл проблеманы шешу үшін өскелең ұрпақтың және оны әлеуметтендіру институтының белсенділігін ғана емес, мемлекет пен қоғам тарапынан арнайы саясатты қажет етеді.

Әлеуметтік қолдау – жас ұрпақтың тұлғалық дамуы мен қалыптасуына әлеуметтік факторлардың жағымсыз әсерлерін ескере отырып, ол әсерлерді жою жолын іздеуге, олардың өзін-өзі анықтауына, өмірде өз орнын таба білуге бағытталған мемлекеттің мақсатты қызметі. Әлеуметтік қорғау – бұл әлеуметтік-экономикалық, құқықтық категория ғылыми әдебиеттерде ол мәселе кең мағынада қарастырылады. Мектеп ішілік тұрмысы төмен балаларға көмек көрсету үшін мен әлеуметтік педагог ретінде барынша қолдау көрсетуге және қолдау көрсетуді ұйымдастыруға дайынмын.

Мектеп ішілік тұрмысы төмен балаларға қолдау қолдау көрсету үшін мектеп ішінен арнайы ұйым ашқынды ұсынар едім. Ұйымның атын «Қамқоршы» деп атауды ұсынамын.

Бұл ұйымда балаларға жан – жақты көмек көрсетуді ұсынар еді.

Әлеуметтік педагог ретінде біріншіден, мүмкіндігінше проблеманың алдын-алуына тырысамын, проблеманы тудыратын себептерді анықтай және уақытында оны жойып отыруға, адам бойындағы олардың қарым-қатынасындағы әртүрлі ауытқушылардың алдын-алуға, осы арқылы қоршаған әлеуметтік ортаны сауықтырып отыруға тырсамын. Әлеуметтік қызметкер проблеманың алдын-алумен емес, проблеманың өзімен жұмыс жасайды.

# Әке – отбасының рухани түп қазығы

**Г. БАЙЖИЕНОВА**

**Мақсаты:** отбасындағы әкенің орнын түсініп, оған деген қажетті қадір-қасиет сезімін тәрбиелеу.

**Міндеттері:** әкеге деген сүйіспеншілік, құрмет сезімдерін қалыптастыру,

**Ұйымдастыру кезеңі.**

**«Амандасу» тренингі.**

Күлім қағып қолымды,
1, 2, 3-деп соғайын.
Қарап тұрған көршіме,
Қолымды мен бұлғаймын.
Жылы-жылы жүзбенен,
Маңдайымнан сипайын.
Жылы-жылы жүзбенен,
Жүрегімді сыйлаймын.
Амандасып өзіңмен,
Құшақтап бір алайын.

**Әке** – өзінен туған немесе асырап алған баласы бар ер адам, туыстық қатынасты білдіретін ұғымның атауы. Қазақ қоғамында әкенің алатын әлеуметтік орнына ерекше басымдылық беріледі. Олай болатыны отбасын материалдық игілікпен қамтамасыз ету, баланы сүндетке отырғызу, ұлды үйлендіріп отауын тігіп, еншісін беру, қызды орнықты жерге ұзату, жиендеріне жиенққұрық беру, сондай-ақ, балаларын сауаттандыру, оқытып, білім беруге мүмкіндік жасау, т.б. мәдени-әлеуметтік маңызды жайттар әкенің мойнындағы үлкен міндет. Осымен байланысты әкені сыйлау, құрметтеу; оған қарсы келмеу отбасылық этиканың, қарым-қатынастың императивті әлеуметтік нормалары қатарына жатады.

Отбасы тәрбиесінде әке ұл балаға, ана қыз балаға жауапты болады. Сондықтан қазақтар «Ұлдың ұяты әкеде, қыздың ұяты шешеде» дейді. Алайда тұрмыстық жағдайдағы кейбір ішінара кездесетін ситуацияда әке мен баланың арасында қырын қабақ, келіспеушілік болғанда, тіпті әке жағынан әділетсіздік байқалса да, ол айыпты саналмайды. Ауылдың, әулеттің ақсақалдарының шешімімен баласы ондай әкені жеке үй етіп шығарады.

**Шығармашылық жұмыс:**

**1-тапсырма: «Сахналау» көрініс көрсету.**

Ертеде бір үлкен қарт қатты сырқаттанып жатса, жалғыз ұлы келіп:

- Әке, мен сені айшылық жерде аты шыққан тәуіпке апарып емдетемін, - депті. Сөйтіп әкесін арқасына салып, жолға шығыпты. Олар ұзақ жүріпті, қас қарайған кезде алдан қарауытқан сұлбаны көрсетіп, әкесі:

- «Балам анау не? – деп сұрапты.

- «Ол – түйе» - деп жауап беріпті. Сәлден кейін әкесі әлгі жауабын қайталапты. Әке осы сауалын үшінші рет қайталап сұрағанда баласы:

- «Ол – түйе, түйе». Өзім шаршап келе жатқанда, неге сұрай бересің? - деп ренжіпті.

Сонда әкесі:

- «Балам, кішкене кезіңде мен ауыр тірліктен шаршап келіп отырсам да, сенің «Анау не, мынау не?» деп күніне жүз рет сұрайтын сұрағыңа беті қайтпасын, жігері жасымасын деп үнемі жауап беретінмін. Бұл аурудан емделейін деген ойым жоқ еді, тек бетіңді қайтармайын деп көнгенмін, енді сенен сөз естігенше, үйіме барып, ажалға мойын ұсынғаным артық, мені жерге түсір», - депті.

**Көріністен қандай ой түйгендері сұралады?**

1. Әке баласына неге ренжіді?
2. Баланың орнында сіз болсаңыз, әкеңізге қалай жауап берер едіңіз?

**2-тапсырма: Көрініс көрсету**

Еркін: Маған әкем ұялы телефон сатып әперді.

Саят: Қане, көрсетші? Өте әдемі екен. Бірақ менің әкем ең алдымен сабақты жақсы оқы, білім ал. Өскен соң еңбек етіп, қымбат телефонды өзің аласың деген.

Еркін: Ой, сен де сабақ-сабақ дейсің де жүресің. Маған әкем ақшаң болса бәрін сатып алуға болады деген болатын.

**Сұрақ:** Қазіргі кезде сіздерге қымбат бұйымдарды алып беру дұрыс деп ойлайсыз ба?

**3-тапсырма: «Сұрақ-жауап» жаттығуы**

**Нұсқау:** Бұл сұрақтарға қолдарыңыздағы тақтайшаларыңды көтеру арқылы жауап бересіз. Қызыл түс – иә деген жауапты, көк түс – жоқ деген жауапты білдіреді.

1. Әке қатал болу керек пе?
2. Үйдегі ер бала тәрбиесіне әкенің жауапкершілігі жоғары болу керек пе, әлде ата-ананың екеуі де бірдей жауап беруі тиіс пе?
3. Сіз өзіңіздің әкеңізді жақсы көресіз бе?
4. Отбасының алтын – қазығы ана ма?
5. Отбасының тірегі әке ме?
6. Әкеге қарап ұл өсер,
Шешеге қарап қыз өсер дегенмен келісесіз бе?
7. Ата-ана баланың тәрбиесіне қатысты деп ойлайсыз ба?

**4-тапсырма**.Фариза Оңғарсынованың «Әке туралы ой» бейнеролигін көру ұсынылады.

**https://www.youtube.com/watch?v=iUuqGgGubJM**

**5-тапсырма: Викториналық сұрақтар:**

**І топқа:**

1. Балдан тәтті не? (Бала)
2. Қара шаңырак иесі кім? (Кенже ұл)
3. Әкеден балаңа берілетін зат (Мұра)
4. Үйдегі алтын адам кім? (Ана)
5. Бес дұшпанды атаңдар? (Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)
6. «Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес» кімнің нақыл сөзі (Қорқыт ата)

**ІІ топқа:**

1. Тәрбие мен білімнің ордасы (мектеп)
2. 18 жасқа толмаған адам (бала)
3. Екі адамның бір-біріне деген адалдығы (достық)
4. Бес асылды атаңыз (талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым)
5. Үш арсызды ата? (Ұйқы, тамақ, күлкі)
6. Мемлекеттік рәміздерді ата (елтаңба, ту, гимн)

**6. Ой толғаныс.**

**1.«Венн диаграммасы»** стратегиясы бойынша әр топ бірлесе отырып, әке мен ананы салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тауып жазу.

**Әке Ана**

**2. «Бес жолды өлең»** стратегиясы бойынша әр топ «әке» сөзіне бес жолды өлең құрастырады.

**Мысалы:** әке мейірімді, қатал тәрбиелейді, үйретеді, сынайды.

Әке – отбасы тірегі, қорғаны.

Асқар тау, бәйтерек.

**** Б. Соқпақбаев

«...Еһ, шіркін, дүние-ай десеңші. «Әке» деген сөзді айтқанда, жүрегім қарс айрыла жаздайды-ау. Қандай жақын, қандай ыстық. Балалар менің әкем өйтті, менің әкем бүйтті, менің әкем ананы сатып әперетін болды, менің әкем мынаны сатып әперетін болды деп мақтаныш етіп жатады. Ал мен болсам, менің әкемнің қандай адам екенін де білмеймін. Өйткені ол майданға аттанғанда, мен екі жастамын. (Екі жасар ақымақ не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзал әкем мол кетті, оралмады...)

Еһ, қайран әкем! Егер сен тірі болсаң, мүмкін, мен бұдан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер-әлемді шулатып, сотқар Қожа атанып жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шығар.

Кімге де болса бір әке әбден керек. Тіпті селкілдеген шалдардың өздері кейде «жарықтық, әкем анандай еді, әкем мынандай еді» деп, еске алып, армандап отырмай ма? Шіркін, менің әкем тірі болса деп, бала Қожа еріксіз әкесін есіне алып, сағыныш сезіміне беріліп кетті. Отбасында әке орны бөлек, асқар тау ғой!

...Ал күйеу керек пе әйелге? Меніңше, әбден керек. Кейде Милат мамам әкемнің суреттерін ақтарып қарап отырады да, мұңға батып, бір түрлі егіліп кеткендей болады. Кірпігі жасқа шалынады.... Мен сол кезде мамматайымды керемет аяп кетем. Бірақ аяғанмен не пайда, білем, сезем, неге күйзелетінін. Бұл бала Қожаның ішкі жан сезімі. Қамқоршы жар – әрбір әйелдің арқа сүйер тірегі.

«Мектеп күзетшісі Сәйбек менің қасыма келіп отырды.

- Әй, Қожа. Сенің әкең марқұм азамат еді ғой. Оған тарсаң, директор түгіл, одан үлкені боласың. Бірақ оған тартпағансың. Мен сенің әкеңе қарыздар адаммын. Менің мойнымда оның тиын емес, теңге емес, бақандай бір қарасы жүр. Қалай дейсің ғой. Міне, былай, алғаш колхоздасқан жылдың күзінде мен, оның  келіскен бір жорға күрең аты бар еді, - ол кезде жұрттың бәрі жаяу, - соны диірменге мініп барып, сазға батырып, өлтіріп қойдым. Суып, қаңсып тұрған атты суармай отқа қоям деп, өзімнен  болды. Аяғы шідерлеуі еді. Су ішем деп барып, оппаға түсіп кетіпті. Ертесінде қарасам, суға сүңгіген үйректей артжағы  ғана көрініп, тоңқайып, жатыр. Он шақты жігіт жабылып, арқан сап әрең суырып алдық. Міне, басқа біреу болса, соны қыңқ еткізбестен төлетіп алар еді ғой. Ал Қадыр марқұмның  кең пейілділігі соншалық, сіз қас қып өлтірген жоқсыз ғой, ажалы солай тура келген шығар деп, үнсіз қоя салды. Міне, әкең осындай парасатты, ақылды жігіт еді, - деп үнсіз қалды».

**Талқылауға арналған сұрақтар:**

• Мәтіндегі «Отбасында әке орны бөлек, асқар тау  ғой!» деген ойды талқылаңыздар.

• Қожаның әкесінің бойында қандай  жақсы қасиеттер бар?

• Өзіңіздің әкеңіздің қандай қасиеттерін мақтан тұтасыз?

• Сіз әке болғанда, оның қандай қасиеттерін өзіңізде болса екен дейсіз?

**Топтық жұмыс:**

І топ: Әке бейнесін салыңыз. Оған лайық қасиеттердің  сипатын жазыңыз;

ІІ топ: Әрбір бала өзіне ұнайтын, өзінде дамытқысы келетін жақсы қасиеттерді таңдап алып, осы қасиеттерді дамыту бағдарламасын жасасын;

ІІІ топ: «Әкеге алғыс» тақырыбында эссе жазыңыздар.

**Қорытынды.**

# Моя профессиональная позиция

Г. ТОЛЕНОВА

Профессиональная должность – это определенное направление деятельности известного специалиста данной профессии. Выбранная мной профессия – психология, интересная, сложная и ответственная. На мой взгляд, особенность этой профессии заключается в умении проникнуть в чужую душу, глядя на их жизнь как на свою. Внутреннее «я» человека похоже на непрочитанную книгу. В этом контексте частью психотерапии является формирование личности, повышение терпения, внимания и интереса учащихся за счет использования приемов арт-терапии, что является преимуществом моей профессии. Терпение, внимание, интерес – вот способности, которые можно найти в настоящем человеке. И источником этих способностей является чувство уверенности и ответственности.

В современном глобализованном мире я вижу ментальную трансформацию учащихся из-за обилия информации и стремительного развития технологий. Эмоциональное состояние студентов нестабильное, беспокойное. Нетерпеливому ученику, напротив, не хватает концентрации, а непривлекательный ученик теряет интерес и успеваемость и больше увлекается мобильными играми. Об этом свидетельствует тот факт, что в ходе ежедневной работы по просьбе матери учащемуся 8 класса предлагалась индивидуальная работа над изменениями в мышлении и поведении. Причиной решения проблемы стало использование техник точечной терапии в области психодиагностики арт-терапии. Следуя правилам исполнения, он мог правой рукой расставлять точки на бумаге формата А4 и совмещать их левой рукой. Когда я спросил, на что похож этот флаг, он сказал, что это похоже на нейроны в мозгу. Из этих нейронов теперь можно найти, обвести кружком и назвать животных, диких животных или предметы домашнего обихода. Ученик нашел медведя с открытой пастью, голову змеи и паутину. Не задумываясь над тем, почему вы думаете, что рычащий медведь и паук в клетке находятся в вашей коре головного мозга, он ответил, что я сравнил медведя со своим отцом, паука в клетке с собой, а игру-стрелялку (мобильную стрелялку) .

В результате применения точечных техник арт-терапии студент успокаивался, а клетки мозга расслаблялись, фокусировались, восстанавливались здесь и сейчас, помогали выражать негативные мысли. Особенность данной методики в том, что она стимулирует самопознание учащегося, и может быть использована не только в психодиагностическом направлении, но и путем ассоциирования и постановки вопросов к выявленным произведениям в направлении коррекции и развития.

Когда я познакомилась с мамой по направлению работы с ее родите-

лями, я использовала мини-прием «Скрепка». Я дал маме моей ученицы скрепку и попросил ее поправить. Я спросил ее мать, может ли она писать прямо, и теперь она может согнуть его обратно в исходное положение. На вопрос, как она себя чувствовала во время этой методики, мама ответила, что восстановить оригинал невозможно.

В результате вместо предъявления требований и ограничений к матери ребенка родитель осознал, что его действия должны отражаться в повседневном общении.

В заключение отметим, что сегодняшняя задача родителей, педагогов и психологов состоит в том, чтобы сформировать у школьников конкурентоспособную личность с помощью арт-терапевтических приемов. Сегодня востребованы образованные и квалифицированные профессиональные психологи, которые в будущем откроют новые психологические методы и новые и загадочные открытия, легко избавятся от зависимостей (смартфон, чужое мнение, азартные игры и т.д.), негативно влияющих на стресс и психика человека.

Жизнь учит прощать и смотреть вокруг, слышать добрые слова, но не учит забывать обиды, видеть хорошее в плохом, верить в других. Считаю своим профессиональным принципом научить на кафедре психотерапии объяснять через приемы арт-терапии все, чему не учит человека жизнь и извлекать уроки из каждого момента жизни.

# Психология – болашақтың мамандығы

**А. ОРЫНБАСАРОВА**

Мамандық тандау – бұл өте маңызды іс. Өйткені біз өзіміз таңдаған мамандық саласында өмір бойы қызмет атқарамыз. Мамандықтың саны әр алуан: дәрігер, мұғалім, ұшқыш, психолог, сазгер, сатушы, ғарышкер және т.б. Бірақ бұларды байланыстыратын маңызды факт – бұлар бәрі халық үшін қызмет атқарады. Ал халық үшін қызмет көрсету маңызды мәселе. Түркі тілдес халықтың «жеті рет өлшеп, бір рет кес» деген нақыл сөзін ұран етіп, мамандықты дұрыс таңдауымыз керек.

Бүгінгі таңда «психология» мамандығы әлемдегі ең танымал мамандықтар қатарының бестігіне кіреді. Бүгінде психология ғылымы адам іс-әрекетінің түрлі салаларында қарқынды орын алуда – білім, бизнес, саясат, басқару, медицина, жарнама, т.б.

Психология – XXI ғасыр мамандығы. Қазір кез келген мекемелерде психолог болуы шарт. Жастардың қоғамдағы психологиялық вирустарға иммунитеттері өте әлсіз. Олардың жаман жолға түсіп секталарға еніп кетуі суицидке баруы да осының салдарынан. Психологтардың міндеті – жас ұрпақтың психологиялық денсаулығын нығайту. Ал оны қалыптастыратын ең басты орта – отбасы. Ата-ананың бір-біріне жылы қарым-қатынасы, сезімі тікелей балаға беріледі. Жылуы мол қарым-қатынастағы отбасында өскен баланың стресс, депрессияға қарсы имунитеті қалыптасады. Мұндай отбасындағы бала сабырлы, әр нәрсеге төзімді болады. Яғни, қоғамда проблемалы девиантты топтағы балалар азаяды. Адамдардың өзара қатынастарында жылу мен сенімділік пайда болады.

Жүсіп «Жақсы тәртіп көрсе бала күнінде, өнерімен қуантады түбінде» дегендей бала тәрбиелеудің жүгі ешқашан жеңіл болмағанын біліп, жауапкершілік пен талапшылдықты қажет ететін мамандық иесі екенін сезіне тұра осы мамандықты таңдағаныма мен әрқашан қуанамын.

Психология – адамның жеке бірлік ретіндегі психикасын, өзінің сан алуан сезім, аффективтік, интеллектуалды, басқа да туа біткен функцияларымен бірге сыртқы ортамен өзара әрекетін зерттейтін ғылым, кей-кезде адам мінез құлығын зерттеу деп те анықталады.

Мен адам жанын түсініп, демеу беру үшін, бағдар беру үшін осы мамандықты таңдадым. Менің өмірдегі басты мақсатым – балалар өмірге еш қорқынышсыз, зұлымдықсыз қарап, олар алдарында бір ғажап жұмбақтың шешімін табатындарына және де алда ашық, жарқын күндер күтетініне сенсе екен деймін.

Адам кей уақытта өзіне деген сенімін жоғалтып, күйзеліске ұшырайды, солай дегенмен де, өмірге деген сенімін, құштарлығын жоғалтпай, тоқтамастан тек қана алға ұмтылу керек екенін ұмытпауы тиіс. Қандай жағдай болмасын, бар күш жігерін жинап, алға ұмтылса ғана барлығын жеңіп, жүрегінде де, жан-дүниесінде де тыныштық орнайтынына, барлығы тек жақсы болатынына сенуі керек. С. Торайғыровтың сөзімен айтқанда: «Адамның ең ұлы қасиеті бақытты болуға ұмтылу», - дегім келеді. Мен психология мамандығын таңдаған себебім, жолы болмай, қиыншылықтарға кезігіп жүрген адамдарға бағыт бағдар беріп, сүйініш болғым келеді.

Халқымызда «Жас келсе – іске» деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз мамандығымның биік белестерін бағындырсам, елім үшін өзімнің аз да болса үлесім тисе екен деймін.

# Авторлар туралы мәлімет
# Сведения об авторах

**АБДУЛЛАЕВА П.** – Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің қауымдастырылған профессор м.а., PhD. Ақтау қаласы.

**АБУЛОВА Л. Ш.** – воспитатель КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» УОАКО г. Костанай.

**АКБАЕВА Н., БЕРЕКЕТОВА Д., БИСЕКЕН Ж., ЖАНҚУАТ Қ., ХУСАИНОВА Т.** – Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті 5В010300 – «Педагогика және психология» мамандығының 4-курс студенттері. Ақтау қаласы.

**АМАНГЕЛДІ Нұрсұлу Амангелдіқызы** – №234 Ж. Жабаев атындағы мектептің тарих пәні мұғалімі. Әйтеке би кенті, Қазалы ауданы, Қызылорда облысы.

**АТЕМОВА К.** – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» бағдарламалар бөлімінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы. Ақтөбе қаласы.

**БАБУЛОВА Г.Ж.** – воспитатель КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» УОАКО г. Костанай.

**БАЙЖИЕНОВА Гулжанат Ордагалиевна** – А. Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының педагог-психологы. Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

**ДУСАЕВА Ғалия Рустемқызы** – №4 жалпы орта білім беретін мектебі КМК-нің әлеуметтік педагогы. Ақсай қаласы, Батыс Қазақстан облысы.

**ЖАҚАН Е.** – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 4-курс студеті.

**КАЛМУРЗИНА Балгүл Тұғырқызы** – Еңбекту жалпы орта білім беретін мектебі педагог- психологы. Әйтеке би ауданы, Ақтөбе облысы.

**КУТУБАЕВА А.К.** – воспитатель КГУ «Областной дом юношества, центр социальной адаптации для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей» УОАКО г. Костанай.

**ҚЫПШАҚБАЕВА Гүлнәр Кенжебекқызы** – №205 орта мектебінің педагог-психологы. Бестам ауылы, Шиелі ауданы, Қызылорда облысы.

**МАСАЛИМОВА Эльмира Бидахметовна** – педагог-психолог КГУ «Детский дом №8» УО ВКО г. Семей.

**МЕЙРАШЕВА Р.** – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 4-курс студеті.

**ОРЫНБАСАРОВА Айдана Куанышовна –** №85 орта мектептің педагог-психологы. Төретам кенті, Қызылорда облысы.

**САҒЫНБАЕВА Ф.** – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 4-курс студеті.

**САНКИБАЕВА Л.** – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» бағдарламалар бөлімінің магистранты. Ақтөбе қаласы.

**СУЛЕЙМЕНОВА Гульнар Жексенқызы** – «Zerdesh» зияткерлік мектебінің бастауыш сынып мұғалімі. Бостандық ауданы, Алматы қаласы.

**ТАҢСЫҚ Ұлболсын, ОРЫНБЕК Назира, ЖҰМАБЕК Дінмұхаммед** – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 4-курс студеттері. Алматы қаласы.

**ТОЛЕНОВА Гулмира Жанысбаевна** – педагог-психолог Туркестанской специализированной школы-интернат имени Н. Ондасынова Түркестанская область.

**ТӨЛЕШОВА Ұлмекен Болатқызы** – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, Мектепке дейінгі, әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану білім беру бағдарламалар бөлімінің аға оқытушы, п.ғ.к. Алматы қаласы.